



АҚПАРАТТАР ТОПТАМАСЫ

Жәңгір хан университетінде жылқы шаруашылығы мәселелері талқыланды

«AGROTECH HUB» жобалық кеңсесі «ҚР-да және шетелде өсірілетін әртүрлі бағыттағы (тұқымды) жылқыларды өсіру» тақырыбында семинар өткізді.

Кеңес барысында өнімділіктің әртүрлі бағыттарындағы жылқыларды іріктеу, жануарлардың генетикалық ресурстары және басқа да мәселелер талқыланды. Семинарға қатысушылар сала мамандарына өз сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды.

Семинар аясында қатысушылар жылқы өсірумен айналысатын «Рыс-жан» шаруа қожалығына барып, шаруашылық жұмысымен танысты. Шаруа және ферма қожалықтарының өкілдері осы іс-шараға ризашылықтарын білдіріп, ұйымдастырушыларға алғыс айтты. Сондай-ақ, олар әріптестерімен семинарда алған дағдылары мен озық тәжірибелерімен бөлісуге ниетті екендіктерін де жеткізді. Жиын соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Ең үздік пікірсайысшы кім?

Жәңгір хан университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен қазақ ақыны Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығына орай ЖОО, ООО студенттері мен оқушылар арасында дебат сайыстары өтті.

Бұл «Бетта» және «Альфа» лигаларында өткен облыс бойынша алғашқы турнир. Мұндай іс-шаралардың басты мақсаты – облыстың барлық пікірсайысшыларын біріктіру, бірлескен жұмыспен достық қарым-қатынас орнату.

- Мұндай іс-шаралар пікірсайысшылардың, клубтардың мәртебесін көтеру, жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру және рухани тәрбие беру үшін қажет. Өйткені, студенттер білім алып қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға да белсенді қатысуы керек. Сонымен қатар, біз ЖОО-мен шектелмей, арнайы оқу орындарының оқушылары мен студенттерін қамтимыз, – деді Жастар бас-тамаларын дамыту орталығының директоры Асхат Өкшебаев.

Сайыс нәтижесі бойынша “Alfa” лигасы бойынша “Жеңіс” фракциясы, “Beta” лигасы бойынша “Элегант” фракциясы жеңіске жетті.

Студенттік ғылыми үйірмелер жәрмеңкесі өтті

Жәңгір хан университетінде студенттік ғылыми үйірмелер жәрмеңкесі өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – оқу орнында ғылымды дамыту, өз кезегінде, оқу аяқталғаннан кейін маңызды ғылыми міндеттерді өз бетінше шешуге қабілетті мамандарды даярлау сапасын арттыру. Университеттің Ғылым басқармасы ұйымдастырған бұл жәрмеңкеге 1-3 курс студенттері қатысты. Жәрмеңке барысында студенттерге әр үйірменің еңбектері мен жетістіктері ұсынылды.

Қазіргі уақытта университетте 22 ғылыми үйірме жұмыс істейді.

БҚАТУ түлектері – нарықта сұранысқа ие мамандар

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ – еліміздегі ауыл шаруашылығы және экономика саласы үшін жоғары білікті кадрлар даярлайтын жетекші жоғары оқу орны. Осы ретте биыл студенттер қатарын толықтырған білім алушыларға көшбасшы оқу орнының білім мен ғылымдағы жетістіктері туралы аз-кем ақпарат беру мақсатында университеттің оқу жұмыстары жөніндегі проректор Нұркен Ғұбашевпен сұқбаттасқан едік.

– Нұркен Маратұлы алдымен еліміздегі көшбасшы оқу орындарының бірі – Жәңгір хан университетіне қысқаша сипаттама беріп өтсеңіз.

– Аймақтағы бірден-бір көпбейінді ғылым-білім орталығы саналатын университетімізде жоғары кәсіби білімді профессор-оқытушылар құрамы қызмет етеді. Оқу орны заманауи технологиялық және ақпараттық базамен жасақталған. Ең алдымен университеттің әлемдік және отандық білім ошақтары арасындағы рейтингтік көрсеткішіне тоқталғым келеді. QS World University Rankings рейтингтік агенттігінің мәліметі бойынша БҚАТУ Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы ең үздік 400 университеттің қатарында. Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттіктің нұсқасына сүйенсек, университетіміз Қазақстандағы үздік техникалық ЖОО арасында 8-орынға тұрақтады. Білім ордасы бұлардан өзге ұлттық рейтингтерге де қатысып, жақсы сапалық көрсеткіш нәтижесіне қол жеткізді. Аккредитация және рейтингтер тәуелсіз агенттігінің мәліметінше, 2020 жылы Жәңгір хан университеті ҚР-дағы «ТОП-20» жоғары оқу орындарының бас рейтингінде 11-орынға тұрақтады. Өткен жылы университеттің 27 білім беру бағдарламасы «Атамекен» ҰҚП рейтингінде сараланып, олардың 30 пайызы (9) алғашқы үздік үштіктің қатарына енгізілді. Университетіміз бәсекеге қабілетті кадрлар дайындауда, ғылыми зерттеулер жүргізуде, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін оқу үрдісі мен өндіріске енгізуде, әлемдік білім мен ғылым кеңістігіне кірігуде, адами капиталды дамытуда өзін аймақтағы салалық міндеттерді шешуші орталық ретінде танытты.

– Университеттегі білім беру бағдарламалары туралы ақпаратпен бөлісеңіз?

– Бүгінгі күні БҚАТУ 17 жоғары және 19 ЖОО-нан кейінгі білім беру бағыттары (соның ішінде магистратураның – 14, докторантураның 5 бағыты) бойынша білім береді. Бұл мамандықтар Батыс Қазақстан экономикасының басым секторларының сипаттамалары мен қажеттіліктеріне байланысты шоғырланған.

Аймақтық принцип пен аграрлық кадрлар дайындау саласындағы көпжылдық тәжірибеге, кәсіби ғылыми-педагогикалық әлеуетімізге, сондай-ақ жетекші университеттермен және алдыңғы қатарлы агроқұрылымдармен арадағы тығыз байланысқа сүйенсек, оқу орнымыздың негізгі күші агро-өнеркәсіптік кешендер үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға бағытталған. Университетте ауылшаруашылығы ғылымдары мен ветеринария саласына мамандар даярлау 15 бағыт бойынша жүргізіледі.

Кадрлар даярлау ғылыми-педагогикалық магистратура және PhD докторантура бағдарламалары бойынша оқыту арқылы, сонымен бірге мақсатты докторантура



арқылы жүргізіледі. Жас мамандар Ресейдегі жетекші оқу орындарының аспирантурасында сырттай оқуға жіберіледі. Оларға «Ғылыми кеңестің» шешімімен оқу ақысы, шәкіртақы мен жол ақысы, медициналық сақтандыру төленеді, сонымен бірге жатақханамен қамтылады. Тек университет ішінде ғана емес, одан тыс жерлерде, яғни шетелдік ЖОО мен ғылыми орталықтарда біліктіліктерін арттыру жүйесі жолға қойылған. Оқу үрдісіне ғылыми-зерттеу жұмыстарын енгізу де назардан тыс қалмайды. Жалпы 2010-2020 жылдар аралығында 408 жұмыс, соның ішінде 151 монография мен 257 оқу құралы жарияланды. Оқытушыларымыз оқу - әдістемелік базаны үнемі жетілдіріп отырады, оған қоса білім алушылардың өзіндік жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз ету деңгейі жоғарылауда. Оқу нәтижелерінің есебі мен бағалау жүйесі негізінде білім беру бағдарламасы тәртібінің игерілуіне тұрақты қадағалау жүргізіледі.

– Оқу үрдісі барысында жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану қалай жолға қойылған?

– Университетте жүргізілетін тәжірибелік-дамыту жұмыстары негізінде оларды одан әрі дамытуға және өндіріске енгізуге қызығушылық танытқан мүдделі ұйымдардың қаржыландыруына қол жеткізіліп келеді. Осылайша селекциалық жетістіктер, ветеринария, ихтиология, құрылыс салалары мен техникалық бағыттар бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Қызметкердің инновациялық дағдыларын дамыту тетігін дайындалды. Университетте педагогикалық шеберлік виртуалды мектебі және әр институтта білім берудің инновациялық технологиялары кабинеттері жұмыс жасайды. Оқу үдерісіне инновацияларды енгізу үшін эксперименттік алаңдар ретінде жоғары мектептердің әдістемелік семинарларының эксперименттік жұмысы ұйымдастырылды. Тағы бір айта кетерлігі, «Шығармашылық шеберлік», «ТРИЗ-технологиялар зертханасы», «Виртуалды анатомиялық музей», «Виртуалды әдістемелік кабинет» сынды инновациялық-әдістемелік жобалар жүзеге асырылуда.

Оқу процесін заманауи оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету үшін 768,7 мың оқу және ғылыми кітаптар қоры жасақталған, соның ішінде 17267 данасы – электронды түрде тасымалданады. Университет ғалымдары мен білім алушылары үшін әлемдік (Thomson Reuters, Springer, Elsevier) және ресейлік («Лань» ЭКЖ) ақпараттық ресурстар да қолжетімді. Сондай-ақ ортақ ақпараттық ресурстар мен электронды кітапханалар құрылған.

Білім беру бағдарламалары аясында еңбек нарығындағы қажеттіліктер де ескерусіз қалмай, тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі. Жұмыс берушілердің өтініші бойынша білім беру бағдарламаларына жаңа таңдаулы курстар енгізіледі. Осын-

дай жұмыстар нәтижесінде оқу орнында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауда жүйелі жұмыстар жүргізіліп, алға маңызды қадам жасалуда.

– Білімді тәжірибе негізінде бекіту жұмыстары қалай жүргізілуде?

– Бүгінгі таңда бірнеше ғылыми мектеп қалыптасып үлгерді. Бірқатар ғылыми мектептердің жұмысы зерттеу тақырыптарының орнықтылығымен, қызметкерлер құрамының тұрақтылығымен, аккредитациялық талаптарды орындау табыстылығымен біршама ұзақ мерзімді талап етеді. Бұл негізінен ветеринария, селекция және өсімдік шаруашылығы саласындағы мектептерге тән. Студенттерге алған теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға да барынша мүмкіндік қарастырылған. Айталық, көшпелі дәрістер, өндірістік-тәжірибелік сабақтар, өндірістік зерттеулер университеттің «Ақжайық» етті-жүнді қой тұқымы өсірілетін тәжірибелік-өндірістік шаруашылығында, тәжірибелік егістіктерінде ұйымдастырылады. Дәнді дақылдарды өсіру бойынша сабақтар мен эксперименттер жүргізуге арналған заманауи техникалардың толық құрамы бар.

Соңғы 10 жылда БҚАТУ-да халықаралық қатынастар орнатуға бағытталған халықаралық деңгейдегі іс-шаралар жүргізілді. Студенттердің академиялық ұтқырлығы бойынша алыс шет елдерде (Польша, Чехия, Румыния, Латвия және т.б.) 96 студентіміз, көршілес Ресей мемлекетінің елдерінде 131 білім алушы оқып келді. Сонымен бірге тәжірибе алмасу және тағылымдамадан өту, біліктіліктерін арттыру мақсатында 56 оқытушымыз Чехия, Польша, Италия, Қытай, Латвия, АҚШ елдерінде, ал 89 әріптесіміз Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінде болды. Оқу орнына шетелдік ғалымдарды шақыру үрдісі де жалғасын тауып, Германия, Вьетнам, Словакия, Латвия, Сербия, Польша елдерінен келген 30 ғалым дәрістер оқып, семинарлар өткізді. Жәңгір хан университетінің басшылығы алыс-жақын шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыс орнатып, меморандумдар мен келісімшарттарға қол қойды. 2020 жылдан бері университетіміз Ресейдің шекаралық жоғары оқу орындарымен белсенді түрде бірлесе жұмыс жасап келеді.

– Нұркен Маратұлы, университеттің бүгінгі тынысына қысқаша тоқталып, сөзіңізді түйіндесеңіз?

– Экономиканың аграрлық және өнеркәсіптік салалары бойынша жан-жақты білімді, білікті, ғылымның сан түрін меңгерген, нарықта сұранысқа ие мамандар даярлайтын Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде биылғы оқу жылында 300-ден аса профессор-оқытушы қызмет етсе, 4 мыңнан астам студент білім алады. Күні бүгінге дейін 45 мыңнан астам кәсіби маман иелерін дайындаған Жәңгір хан университетінің ғалымдары бірқатар ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізгенін атап өткіміз келеді. Университет базасында бес институт, үш орталық, ғылыми-зерттеу бөлімі, әскери кафедра, ғылыми кітапхана, редакциялық-баспа бөлімі, «Жәңгір хан» спорт клубы жұмыс жасайды. Оған қоса «Ақжайық» тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы, «ЖәрдемВет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығы, өндірістік цех, «Agrotech Hub» жобалық кеңсесі бар.

БҚАТУ – классикалық университеттің заманауи үлгісі мен ірі ғылым-білім орталығы ғана емес, жаңа таныстықтарға жетелейтін, ой-өрісті кеңейтетін, оқытудың қазіргі заманғы әдістемелері арқылы сапалы білім алуға болатын іргелі білім ошағы.

Сұқбаттасқан Ләззат ҚАЖЫМОВА